

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Инженерия факультеті
Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің
№4 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

28.12.2022 ж.

Қатысқандар:

1. ФСҚЕК төрайымы – п.ғ.к., доцент міндетін атқарушы Г.Қошанова
2. Хатшы – Ғ.А.Шукенова

Комиссия мүшелері:

1. Қошанова Г - п.ғ.к., доцент міндетін атқарушы

Комиссия мүшелері:

2. Ниязова Г.Ж.- п.ғ.к., доцент
3. Жунисов Н.М – PhD, аға оқытушы
4. Садыбеков Р. – магистр оқытушы
5. Искендірова Гүлзипа - оқытушы
6. Баялы Әзімхан - аға оқытушы
7. Шукенова Ғалия- аға оқытушы
8. Ағабекова Ақтолқын – PhD, аға оқытушы
9. Мейірбекова Оксана – аға оқытушы
10. Кибишов А. Т. – магистр оқытушы
11. Бабахан Ш.А.- магистр, оқытушы
12. Егембердиев Дилмурад – ДИА-111 тобының докторанты
13. Исакова Диара – АИА-111 тобының магистранты
14. Нұржан Бибісара - 6B07153- Электр энергетикасы білім алушы
15. Абдуллаева Карина – ААЖ – 011, 3-курс студенті
16. Полатбекова Қарлығаш – Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің орынбасары.

Қатыспағандар: -**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. Университет инфрақұрылымдары және университеттің кітапханалары, спорт залдары, жатақханалары, асханалары, оқу-өндірістік кешендері білім беру бағдарламаларын іске асыруға толық мүмкіндік беретінін анықтау.
2. ББ оқу-танымдық, кәсіби, зерттеу, педагогикалық, диплом алды т. б. практикаларының бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылуын қадағалау.
3. Білім беру бағдарламаларының рейтингісіне қатысу нәтижелерін талдап, ағымдағы оқу жылында қол жеткізетін нәтижесін жоспарлау.
4. Желтоқсан айында жүргізілген іс-шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау.

Тыңдалды: 1. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрайымы Қошанова Г. сөз алып күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша 719 бұйрықтың 91-пунктіне сәйкес кафедралардың материалдық әлеуетін қарастырады. Университет, Кентау институты кампусы инфрақұрылымдары және университеттің, Кентау институты кампусы кітапханалары, спорт залдары, жатақханалары, асханалары, оқу-өндірістік кешендері, оқу аудиториялары білім беру бағдарламаларын іске асыруға толық мүмкіндік береді деп айта аламыз. Факультет кафедраларының оқу аудиторияларында интерактивті панель орнатылған. Кафедра оқытушылары интерактивті панель құрылғыны пайдаланып, дәріс сабақтарын сабақ кестесіне сай өткізіп отырды. Кафедралардың материалдық-техникалық және әлеуметтік көрсеткіштері Білім және ғылым министрлігінің талаптарына сай. Олар шаруашылықты жүргізу және жедел басқару құқығы мен пайдалы оқу алаңының білім беру ұйымдарының санитарлық нормаларына, өрт қауіпсіздігі талаптарына және оқу-білім беру жоғарғы оқу орындарының стандарттарына сай келеді.

Компьютерлік ғылымдар кафедрасы кафедра оқытушылары лекция, лаборатория және практикалық сабақтарын жүргізу барысында әрбір оқытушы өз пәні бойынша сабақтың мазмұндылығына, өту сапасына көңіл бөлді. Оқытудың қазіргі педагогикалық технологиялары мен жаңа әдістерін, студенттердің танымдық қызметін жандандыру құралдарын пайдаланады. Кафедра оқытушылары сабақ барысында мультимедиялық оқыту технологиясы, деңгейлік-саралап оқыту

технологиясы, ұжымдық оқыту технологиясы, модульдік оқыту технологиясы, жаңа ақпараттық коммуникациялық технологиясы, тренингтік оқыту технологиясы және проблемалық оқыту технологиясы кеңінен қолданады.

Компьютер инженериясы кафедрасы

Кафедра оқытушы-профессорлар құрамы оқу жоспарына сәйкес өздеріне жүктелген пәндері бойынша компьютерде терілген лекция жинақтары мен практикалық сабақтарды жүргізуге қажетті түрлі оқу әдістемелік құралдарды, жабдықтарды, лабораториялық аспаптарды, компьютерлерді, мультимедияларды қолданады. Оқу жылы басында кафедралық оқу әдістемелік комиссия мүшелері кафедрада оқылатын барлық пәндер бойынша дайындалған лекциялар, семинар, практикалық және лабораториялық сабақтардың мазмұнының типтік бағдарламаларға сай келетіндігін анықтап, тексеру нәтижесін оқу-әдістемелік кеңестің мәжілісінде талқылаған. Кафедра мүмкіндігіне сәйкес кейбір лабораториялық тапсырмалар компьютерде виртуалды түрде орындалады. Лабораториялық сабақтың өтілуі әрбір зертханаларда арнайы кестелер бойынша сабақ кестесіне сәйкес жасалған. Лекциялық, зертханалық, практикалық сабақтардың мазмұны болашақ білім стандарт талаптарына және пәндердің типтік бағдарламаларға сәйкес келеді және үнемі толықтырылып, жетілдіріліп отырылады.

Электр энергетикасы кафедрасы

Кафедра профессор-оқытушылары лекция, лаборатория және практикалық сабақтарды өту барысында сабақтың мазмұндылығына, арнайы пәндерді оқыту барысында пән аралық байланыстарға және сабақтың өту сапасына көп көңіл бөлді. Оқытудың қазіргі заманауи технологиялары мен жаңа әдістерін, студенттердің танымдық қызметін жандандыру құралдарын пайдаланады. Кафедра оқытушылары сабақ барысында мультимедиялық оқыту технологиясы, деңгейлік-саралап оқыту технологиясы, ұжымдық оқыту технологиясы, модульдік оқыту технологиясы, жаңа ақпараттық коммуникациялық технологиясы, тренингтік оқыту технологиясы және проблемалық оқыту технологиясы кеңінен қолданады.

ШЕШІМ: 1. Факультет құрамындағы аудиториялар мен зертханаларды техникалық жабдықтау қанағаттанарлық деп танылсын.

Тыңдалды: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрайым Қошанова Г. күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша сөз қозғады: ББ оқу-танымдық, кәсіби, зерттеу, педагогикалық, диплом алды т. б. практикаларының бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылуын қадағалау.

2022-2023 оқу жылдарында Факультет кафедраларында 6 оқу тәжірибесі, 3 педагогикалық психологиялық практика, 3 кәсіби тәжірибе, 2 педагогикалық тәжірибе, 6 өндірістік тәжірибе, 14 зерттеу практикасы мен 6 диплом алды практика жоспарланған. Жеке білім беру бағдарламалары бойынша тарқатып айтсақ, 6В01573-Информатика, АКТ және роботехника білім беру бағдарламасы бойынша педагогикалық практика 23.01-06.05 арлығында өтеді. Ал 6В01511-Информатика, 6В06151-Ақпараттық жүйелер, 6В06152 - Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету, 6В07154-Автоматтандыру және басқару, 6В07153-Электр энергетикасы білім беру бағдарламасы бойынша Өндірістік практика ІІІ 13.02-08.04.2023 ж арлығында өтеді. Ал, 2 курс магистранттары 7М01557-Информатика, 7М06128-Ақпараттық жүйелер, 7М07130-Электр энергетикасы білім беру бағдарламасы бойынша 23.01-18.02-арлығында практика педагогикалық және 20.02-25.03 арлығында магистранттардың зерттеу практикасы ІІ өтеді.

Білім алушыларға практика кезінде күнделік, бақылау-тіркеу кітапшалары қамтамасыз етілді. Практикаға байланысты бағдарлама факультеттің оқу-әдістемелік кеңесінде қаралып, университеттің оқу-әдістемелік бөлімінде бекітілді. Практика бағдарламасында негізгі практикантқа қажетті практиканың міндеттері, практиканың мақсаты, практиканың мазмұны қарастырылған. Практика аптасында әрбір мамандыққа бөлінген апта санына байланысты қандай жұмыстар атқарылуы тиіс екендігі көрсетілген.

Шешім: ББ оқу-танымдық, кәсіби, зерттеу, педагогикалық, диплом алды т. б. практикаларының бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылуы қанағаттанарлық деп таңылсын.

Тыңдалды: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрайымы Қошанова Г. сөз алып күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша мәлімдеді: НКАОКО рейтингі бойынша біздің факультеттің БББ ішінен алған орындары: 6B061-Академиялық ақпараттық-коммуникациялық технологиялар бағыты бойынша 2020 ж 18/35, ал 2021 ж 10/33, 6B01511-Информатика бағыты бойынша -11 орын, 6B07154-Автоматтандыру және басқару – 29 орын; 6B07153-Электр энергиясы – 28 орын.

Атамекен ұлттық палатасының ҚР ЖОО білім беру бағдарламаларының рейтингісінің 2020 жылғы және 2021 жылғы нәтижесін салыстыра отырып, Компьютерлік ғылымдар және Компьютерлік инженериясы кафедраларының мамандығының позициясының артқанын көріп отырмыз.

Шешім: Білім беру бағдарламаларының рейтингісіне қатысу нәтижелерін талдау бойынша ағымдағы оқу жылында қол жеткізетін нәтижелері қанағаттанарлық деп таңылсын.

Мәжіліс төрайымы:  Г.Қошанова

Мәжіліс хатшысы:  Ғ.Шукенова